ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Электр кабельдері

450/750 В ДЕЙІН ҚОСА АЛҒАНДА НОМИНАЛ КЕРНЕУГЕ АРНАЛҒАН ҚҰРАМЫНДА ГАЛОГЕНДЕР ЖОҚ ТЕРМОПЛАСТТАН ЖАСАЛҒАН, ТҮТІН БӨЛУІ ТӨМЕН ОҚШАУЛАУЛЫ ЖӘНЕ ҚАПТАМАЛЫ КАБЕЛЬДЕР
1-бөлім

Жалпы талаптар

Кабели электрические

КАБЕЛИ С ИЗОЛЯЦИЕЙ И ОБОЛОЧКОЙ ИЗ ТЕРМОПЛАСТА НЕ СОДЕРЖАЩЕГО ГАЛОГЕНОВ С НИЗКИМ ДЫМОВЫДЕЛЕНИЕМ НА НОМИНАЛЬНОЕ НАПРЯЖЕНИЕ ДО 450/750 В ВКЛЮЧИТЕЛЬНО
Часть 1

Общие требования

ҚР СТ IEC 62821-1-2015

(IEC 62821-1:2015 Electric cables – Halogen-free, low smoke, thermoplastic insulated and sheathed cables of rated voltages up to and including 450/750 V - Part 1: General requirements, IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Электр кабельдері

450/750 В ДЕЙІН ҚОСА АЛҒАНДА НОМИНАЛ КЕРНЕУГЕ АРНАЛҒАН ҚҰРАМЫНДА ГАЛОГЕНДЕР ЖОҚ ТЕРМОПЛАСТТАН ЖАСАЛҒАН, ТҮТІН БӨЛУІ ТӨМЕН ОҚШАУЛАУЛЫ ЖӘНЕ ҚАПТАМАЛЫ КАБЕЛЬДЕР

1-бөлім

Жалпы талаптар

ҚР СТ IEC 62821-1-2015

(IEC 62821-1:2015 Electric cables – Halogen-free, low smoke, thermoplastic insulated and sheathed cables of rated voltages up to and including 450/750 V - Part 1: General requirements, IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Кіріспе

1 «KazInSert» ЖШС **ДАЙЫНДАП, ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2015 жылғы 30 қарашадағы №246-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

3 Осы стандарт IEC 62821-1:2015 Electric cables – Halogen-free, low smoke, thermoplastic insulated and sheathed cables of rated voltages up to and including 450/750 V - Part 1: General requirements (Электр кабельдері. 450/750 В дейін қоса алғанда номинал кернеуге арналған құрамында галогендер жоқ термопласттан жасалған, түтін бөлуі төмен оқшаулаулы және қаптамалы кабельдер. 1-бөлім. Жалпы талаптар) халықаралық стандартына сәйкес келеді.

IEC 62821-1 халықаралық стандартын ХЭК 20: Электр кабельдері комитеті әзірледі.

Ағылшын тілінен (en) аударылды.

Осы ұлттық стандарт халықаралық стандарттың ресми нұсқасы негізінде әзірленді және осында берілген сілтемелер Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

Ұлттық (мемлекетаралық) стандарттардың (мемлекетаралық) сілтеме жасалған халықаралық стандарттарға сәйкес келуі жөніндегі мәліметтер Д.А қосымшаларында көрсетіледі.

Сәйкес келу дәрежесі – бірегей, IDT.

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы №603-II және «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-I Заңдарының ережелері жүзеге асырылды.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2022 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа өзгерістер енгізу туралы ақпарат жыл сайын шығарылатын "Стандарттау туралы нормативтік құжаттар" ақпараттық көрсеткішінде жарияланады, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіндері - айсайын шығарылатын "Ұлттық стандарттар" ақпараттық көрсеткішінде жарияланады.Осы стандартты қайта қарау(ауыстыру) немесе күшін жою жағдайларында тиісті хабарламалар айсайын шығарылатын "Ұлттық стандарттар" ақпараттық көрсеткішінде жарияланады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ЭЛЕКТР КАБЕЛЬДЕРІ

450/750 В ДЕЙІН ҚОСА АЛҒАНДА НОМИНАЛ КЕРНЕУГЕ АРНАЛҒАН ҚҰРАМЫНДА ГАЛОГЕНДЕР ЖОҚ ТЕРМОПЛАСТТАН ЖАСАЛҒАН, ТҮТІН БӨЛУІ ТӨМЕН ОҚШАУЛАУЛЫ ЖӘНЕ ҚАПТАМАЛЫ КАБЕЛЬДЕР

1-бөлім

Жалпы талаптар

Енгізілген күні 2017-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт айнымалы тогы 450/750 В аспайтын номиналды кернеулі күш беретін құрылғыларда қолданылатын, 450/750 В дейін қоса алғанда U_0/U номиналды кернеулі жалын кезінде түтін мен улы газдың бөлінуі төмен, галогендері жоқ термопласты негізінде қабықшалы және қаптамалы электр құралдарын қосу үшін пайдаланылатын иілмелі кабельдерге қолданылады.

Ескертпе- Кейбір иілмелі кабель типтері үшін «бау» термині қолданылады

Иілмелі кабелдердің арнайы түрлері IEC 62821-31 стандартында көрсетілген. Кабельдердің бұл түрлерінің кодтық белгілері А қосымшасында көрсетіледі.

Осы стандарт және IEC 62821-3 стандартында көрсетілген сынау әдістері IEC 60227-2, IEC 60332-1-2, IEC 60684-2, IEC 60754-1 және IEC 60754-2, сондай-ақ IEC 60811, IEC 61034-2 және IEC 62821-2 стандарттарының тиісті бөлімдерінде көрсетілген.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін келесі сілтемелік құжаттар қажет. Күні қойылған сілтемелер үшін сілтемелік стандарттың көрсетілген басылымы ғана, ал күні қойылмаған сілтемелер үшін сілтемелік стандарттың соңғы басылымы (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда) қолданылады:

IEC 60050 (барлық бөлімдер) *Халықаралық электротехникалық сөздік*

IEC 60227-2 *450/750 В дейін қоса алғанда номиналды кернеуде поливинилхлоридті оқшаулауы бар кабелдер. 2-бөлім. Сынау әдістері.*

IEC 60228 *Оқшаулау жасалған кабельдер өткізгіштері*

IEC 60332-1-2 *Жалын әсері болған жағдайда оптикалық және электрлік кабельдерді сынау. 1-2 бөлім. Жеке көлденең орналасқан оқшаулауы бар сымдар мен кабельдерде жануды таратпауға сынақ. Алдын ала газдың ығысуы жағдайында қуаты 1 кВт болатын газ оттығы жалынының әсерін сынау.*

IEC 60684-2 *Электрліоқшауланған иілмелі түтіктер. 2 бөлім. Сынау әдістері.*

IEC 60754-1 *Жану кезінде кабельдердің метал құрылымдарын сынау. 1-бөлім. Галогенді қышқылдың газ бөліну мөлшерін анықтау.*

IEC 60754-2 *Жану кезінде кабельдердің метал құрылымдарын сынау. – 2 бөлім. pH өлшемі арқылы бөлінген газдың қышқылдың дәрежесін және үлестік өткізгіштігін анықтау.*

IEC 60811-401, *Электрлік және талшықты-оптикалық кабельдер. Металл емес материалдарды сынау әдістері. 401-бөлім. Түрлі сынақтар. Жылулық ескіру әдістері. Кептіру орнындағы ескіру.*

IEC 60811-501, *Электрлік және талшықты-оптикалық кабельдер. Металл емес материалдарды сынау әдістері. 501-бөлім. Механикалық сынақтар. Электроқшаулауы бар компаундтар мен оқшаулауы бар массалардың механикалық табиғатын анықтау сынақтары.*

IEC 60811-502, *Электрлік және талшықты-оптикалық кабельдер. Металл емес материалдарды сынау әдістері. 502-бөлім. Механикалық сынақтар. Кему жағдайындағы оқшаулауды сынау.*

IEC 60811-504, *Электрлік және талшықты-оптикалық кабельдер. Металл емес материалдарды сынау әдістері. 504-бөлім. Механикалық сынақтар. Төменгі температурада оқшаулау мен кабель қабықшаларының майысуын сынау.*

IEC 60811-505, *Электрлік және талшықты-оптикалық кабельдер. Металл емес материалдарды сынау әдістері. 505-бөлім. Механикалық сынақтар. Төменгі температурада оқшаулау мен кабель қабықшаларының созылуын сынау.*

IEC 60811-508, *Электрлік және талшықты-оптикалық кабельдер. Металл емес материалдарды сынау әдістері. 508-бөлім. Механикалық сынақтар. Жоғарғы температурада қысым арқылы оқшаулау мен кабель қабықшаларын сынау.*

IEC 61034-2, *Жасалған жағдайда кабельдердің жануы кезіндегі түтіннің тығыздығын өлшеу. 2 бөлім. Сынау әдістері және оған қойылатын талаптар.*

IEC 62440, *450/750 В-тан аспайтын есептік қуаттағы электрокабельдер. Пайдалануға басшылық.*

IEC 62821-2:2015 *Электр кабельдері. 450/750 В қоса есептегенге дейінгі номиналды кернеуде аз көлемде түтін шығаратын, галогендері жоқ термопласты қабықшалы және оқшаулану жасалған кабельдер. 2 бөлім. Сынау әдістері.*

IEC 62821-3 *Электр кабельдері. 450/750 В қоса есептегенге дейінгі номиналды кернеуде аз көлемде түтін шығаратын, галогендері жоқ термопласты қабықшалы және оқшаулану жасалған кабельдер. 3 бөлім. Иілгіш кабелдер (шнурлар)*

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта төменде көрсетілген терминдер мен анықтамаларды қоса, IEC 60050-461 стандартында көрсетілген терминдер пайдаланылды.

3.1 Оқшаулау материалдары мен қабықша материалдарына қатысты анықтамалар

3.1.1 Полиолефина негізіндегі галогенсіз құрам

Полимер орнына полиолефин немесе эквивалентті синтетикалық полимер қолданылатын, көрсетілген арнайы айырымдардағы талаптарға сай қосылым түзетін құрам.

3.1.2 Құрам типі

Тиісті сынақтарда анықталған, құрамы өзінің қасиеттеріне сәйкес жіктелетін санат.

Ескертпе. Типтің белгіленімінің қосылым құрамына тікелей қатысы болмайды.

3.2 Сынаққа қатысты анықтамалар

3.2.1 Типтік сынақтар, *T*

Осы стандарта қарастырылған, жалпы коммерциялық жолмен алынған кабельдер типін мақсатты қолданысқа енгізуде олардың қажетті пайдалану мінездемесіне сәйкестілігіне көз жеткізу сынағының кабель жеткізілгенге дейін өткізілуі талап етіледі.

Ескертпе- Типтік сынақтарды өткізгеннен кейін пайдалану сипаттамасын өзгерте алатын, кабель материалына немесе құрастырылымға өзгерістер енгізу жағдайын есептемегенде, қайта өткізу талап етілмейді.

3.2.2 Үлгілерді сынау, *S*

Соңғы өнімнің құрастырылым талаптарына сәйкес келетініне көз жеткізуге жеткілікті толтырылған кабельден алынған дайын кабель немесе оның құрауыштарының үлгісіне жасалған тесттер.

3.2.3 Стандартты сынақтар, *R*

Әр ұзындықтың белгіленген талапқа сәйкес келуін анықтауға бағытталған өндірушінің кабельдің әрбір құрылыстық ұзындығына жасалатын сынақ.

3.2.4 Медиана мәні

Бірнеше сынақтың нәтижесі алынғаннан кейін және оларды өсу не азаю ретімен орналастырған жағдайда егер қол жеткізген мәндердің саны жұп болса, онда медиана мәні орташа, ал қол жеткізген мәндердің саны тақ болса, екі орташа мәннің ортасы болады.

4 Номиналды кернеу

Кабельдің номиналды кернеуі – кабель шақталған эталондық кернеу.

Айнымалы тоқ желісіндегі номиналды кернеу вольтпен көрсетілген U_0/U екі мәннің біріктірілуімен беріледі, ондағы:

a) U_0 - оқшауланған фазалық сым мен «жерге қосу» арасындағы орташа квадраттық мәні (кабельдің металл қаптамасы немесе сыртқы құрылым);

b) U - көп талсымды кабельдің немесе бір талсымды кабельдер жүйесіндегі екі фазалық сым арасындағы орташа квадраттық мәні.

Айнымалы тоқ желісінде кабельдің немесе сымның номиналды кернеуі өзі қолданылған жүйенің номиналды кернеуінен кем болмауы керек. Осы шарт U_0 және U. параметрінің екеуіне де қолданылады.

Жүйенің (айнымалы немесе тұрақты тоқтың) максималды тұрақты жұмыс кернеуі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Кабельдің номиналды кернеуіне байланысты максималды рұқсат етілетін кернеудің үлгілері

Кабельдің номиналды кернеуі U_0/U	Максималды тұрақты, рұқсат етілетін, жұмыс кернеуінің жүйесі			
	Айнымалы кернеу	Үш фазалық айнымалы кернеу	Тұрақты кернеу	
	Өткізгіш-жерге қосылыс	Өткізгіш-өткізгіш	Өткізгіш-жерге қосу	Өткізгіш-өткізгіш
В	$U_{0\,max}$ (В)	U_{max} (В)	В	В
300/300	320	320[a]	410	410
300/500	320	550	410	820
450/750	480	825	620	1 240

[a] Тек тоқ көзінің бір фазалық жүйесі үшін

5 Таңбалау

5.1 Кабельдің шығуы мен белгілеуінің көрсеткіші

Кабельдерде оны өндірушілер туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс, ол кабель талсымында таңбалау түрінде немесе тауар белгісі өндіруші атауының қайталанып келетін көрсеткіші түрінде болуы тиіс.

Өткізгіштің температурасы 70 °С асатын жағдайда пайдалануға арналған кабельдер де кодтық белгілермен немесе өткізгіштің максималды температурасы таңбалануы керек.

Таңбалау мөр немесе экрандалмаған кабельдің беткі қабатына, болмаса қабықшасына жазу арқылы жасалуы мүмкін.

5.2 Таңбалаудың үздіксіздігі

Таңбалаудың аяқталуы мен келесі таңбалаудың аралығы төмендегі мөлшерден аспаса, онда әрбір арнайы таңбалау үздіксіз таңбалау деп саналады:

- 550 мм, егер таңбалау кабель кабықшасының ішкі жағында көрсетілсе;
- 275 мм, егер таңбалау мына тұстарда көрсетілсе:

a) экрандалмаған кабельдің оқшауланыуында;

b) экрандалған кабельдің оқшауланыуында;

c) экрандалған кабельдің орама таспасында.

5.3 Қажалуға төзімділігі

Мөр түріндегі таңбалау қажауға төзімді болға тиіс. Осы талапқа сәйкес келуі IEC 60227-2 стандартының 1.8 тармағында көрсетілген сынақтан өтеді.

5.4 Таңбаның анықтығы

Таңбаның барлық типтері анық көрініп тұруы қажет.

Кабель талсымының түрлі-түсті болып белгіленуі оңай ажыратылуы керек, болмаса қажетті жағдайда бензинмен не басқа еріткіш сұйықтармен тазартқанда жеңіл анықталатындай болуы керек.

6 Талсымды белгілеу

6.1 Жалпы ережелер

Әрбір талмыс былай белгіленуі тиіс:

- бес талсымды (қоса есептегенде) кабельдер: түсі бойынша, 6.2 тармақты қараңыз;
- бес талсымнан көп кабельдер: нөмір бойынша, 6.3 тармақты қараңыз.

6.2 Талсымды түстері бойынша белгілеу

6.2.1 Жалпы талаптар

Кабель талсымын белгілеу түрлі-түсті оқшаулаумен немесе басқа ыңғайлы тәсілдермен орындалады.

Жасыл-сары түспен белгіленген талсымнан басқа кабельдің әр талсымы тек бір түспен белгіленуі керек.

Жасыл және сары түс, құрамалаудан басқа жағдайда, көп талсымды кабельдерде қолданылмайды.

Қызыл және ақ түсті мүмкіндігінше пайдаланбау керек.

6.2.2 Түстер сызбасы

Кабельдер үшін ұсынылатын түстер сызбасы төмендегідей:

- бір талсымды кабель: ұсынылған түс сызбасы жоқ;
- екі талсымды кабель: ұсынылған түс сызбасы жоқ;
- үш талсымды кабель: жасыл-сары, көк, қоңыр; болмаса қоңыр, қара, сұр;
- төрт талсымды кабель: жасыл-сары, қоңыр, қара, сұр, болмаса, көк, қоңыр, қара, сұр
- бес талсымды кабель: жасыл-сары, көк, қоңыр, қара, сұр; болмаса, көк,

қоңыр, қара, сұр, қара

Түстер анық және тозуға төзімді болу керек. Тозуға төзімділік IEC 60227-2 стандартының 1.8 тармағы бойынша сыналады.

6.2.3 Жасыл-сары түстердің құрамасы

Жасыл-сары түске боялған кабель талсымын түстері төмендегі шарттарға сай болуы қажет: талшық ұзындығының әрбір 15 мм-і көрсетілген түстің бірімен боялуы талсым бетінің кемінде 30%-ын құрайды және 70%-дан аспауы керек, екінші түс қалған бөлігін жауып тұруы керек.

Ескертпе- Жасыл-сары және көк түстерді қолдану жайлы ақпарат.

Ереже бойынша жасыл-сары түс жоғарыда көрсетілгендей құрамалау жағдайында талсымның жерге қосу не осы сияқты мақсатқа пайдаланылатын талшықтар үшін қоланылады, ондай жағдайда көк түс нөлдің қосылымға арналған тарамыс белгісі ретінде пайдаланылады.

6.3 Талсымды нөмірлері арқылы белгілеу

6.3.1 Жалпы талаптар

Талсымды оқшаулау, бар болған жағдайда жасыл-сары түсті талсымнан басқа, бір түсте болады және рет саны бойынша нөмірленеді.

Жасыл-сары түсті талсым 6.2.3 тармағына сәйкес келуі тиіс және сыртқы қабатқа орналасуы керек.

Нөмірлеу ішкі қабаттан бастап 1 цифрынан басталып жүргізіледі.

Нөмірлер талсымның сыртқы бетінде араб цифрының баспа түріндегі үлгісімен жазылуы керек. Барлық нөмірлеу оқшаулау материалы түсінен ерекшеленіп тұратындай біркелкі түспен жазылады. Нөмірлер жақсы ажыратылатындай болуы керек.

6.3.2 Таңбаларды сапалы орналастыру

Нөмірлер кабельдің жалпы ұзындығы бойында біркелкі арақашықтықта қайталанып тұруы тиіс. Нөмірлер бір-бірімен салыстырғанда аударылып жазылған түрде келуі керек.

Егер нөмір бір таңбалы саннан тұратын болса, онда оның астына сызықша қойылады. Егер нөмір екі таңбалы сан болса, онда әр сан бірінің астына бірі жазылуы керек және астынғы санның асты сызылады. Жазылған сандардың аралығындағы *d* бос орны 50 мм-ден аспауы керек.

Таңбалудың орналасуы төмендегі 1-суретте көрсетілген:



1-сурет. Таңбалаудың орналасуы

6.3.3 Өшіріліп қалуға төзімділік

Баспа үлгісіндегі нөмірлер өшіріліп қалуға төзімді болуы керек. Осы талапқа сәйкестігі IEC 60227-2 стандартының 1.8 тармағында көрсетілген сынақтармен тексеріледі.

7 Кабельдердің құрастырылымына қойылатын жалпы талаптар

7.1 Өткізгіштер

7.1.1 Материал

Мыс балқымасынан жасалған иілмелі шнурлардан басқа өткізгіштер жұмсақ мыстан жасалады. Сымдар қарапайым болғаны сияқты қалайыланған болуы мүмкін.

7.1.2 Құрастырылым

Иілмелі шнур өткізгіштерден басқа иілмелі өткізгіштердің сымының диаметрі, сондай-ақ қатты оправалы өткізгіштердің сымдарының саны IEC 60228 стандартына сәйкес келуі керек.

Кабельдердің әртүрлі типтеріне сәйкес келетін өткізгіштер классы арнайы айырмада көрсетілген (IEC 62821-3 стандартын қараңыз).

Иілмелі шнурлардағы әр өткізгіш әр түрлі сандағы талсымнан немесе әрқайсысы бір не бірнеше мыстан немесе мыс балқымасынан жасалған, мақта-мата, полиамидті талшықтан не соған ұқсас материалдардан оралып жасалған тарамастар топтамасынан тұру керек

7.1.3 Құрастырылымын тексеру

7.1.1 және 7.1.2 тармақтардағы талаптарға сәйкес IEC 60228 стандартының талаптарын қоса енгізе отырып, бақылау және өлшеу арқылы тексеріледі.

7.1.4 Электр кедергісі

Иілмелі шнурлардан басқа барлық кабельдерде әр өткізгіштің кедергісі өткізгіштердің нақты кластары үшін 20 °C IEC 60228 стандарты талаптарына сәйкес келуі керек.

Сәйкестік IEC 60228 стандартының А қосымшасында көрсетілген сынақтармен бекітілуі керек

7.2 Оқшаулау

7.2.1 Материал

Оқшаулау типі әр кабель түрі үшін арнайы ерекшелікте белгіленгендей галогенсіз құрамнан тұруы керек. (IEC 62821-3 қараңыз).

Мысалы, иілмелі кабельдер үшін қолданылатын материалдар типі МДБГ/Д болуы тиіс. Бұл құрамды сынақтан өткізуге қойылатын талаптары 2-кестеде көрсетілген.

Жоғарыда көрсетілген құрам түрінің және арнайы ерекшеліктерінде көрсетілген оқшауланған кабельдердің жоғары жұмыс температурасы осы стандарта көрсетілген (IEC 62821-3 қараңыз).

7.2.2 Өткізгішке оқшаулау материалын орналастыру

Оқшаулау (изоляция) өткізгішке тығыз жататындай етіп жасалауы керек, алайда иілмелі шнурдан басқа кабельдер үшін оқшаулауға, өткізгішке немесе қалайы қабықшаға зақым келтірмейтіндей жағдайда алынатындай болу керек.

Егер стандарттың арнайы бөлімдерінде басқа жол көрсетілмесе өткізгіш пен оқшаулаудың арасына айырым құрылғысын жасауға рұқсат етіледі.

Сәйкестік бақылау және қолмен тестілеу арқылы тексеріледі.

7.2.3 Қалыңдығы

Кабельдің әр типі мен мөлшері үшін оқшаулаудың қалыңдығы арнайы ерекшелікте көрсетілген мәннен төмен болмауы керек (IEC 62821-3 қараңыз).

Талшықтың В қосымшасына сәйкес орташа өлшем мөлшерінің мәні 0.1 мм-ге дейін дөңгелектенген әр кесіндісі үшін номиналды қалыңдықтан кем болмауы тиіс, ал ең төменгі өлшемді мәні номиналды мәннің 0,1 мм-ден артпайтындай 90%-нан кем болмауы тиіс, демек:

$$t_m \geq 0{,}9t_n - 0{,}1$$

мұндағы:

t_m - ең төменгі қалыңдық, мм;

t_n - номиналды қалыңдық , мм.

Сәйкестік IEC 60227-2 стандартының 1.9 тармақтарында көрсетілгендей сынақпен бекітілуі керек.

7.2.4 Ескірудің алдындағы және кейінгі механикалық қасиет

Қалыпты пайдалану кезінде болатын температура ауқымында оқшаулау механикалық беріктік пен созылмалылық қасиетке ие болу керек.

Сәйкестік 2-кестедегі сынақпен бекітілуі керек.

Пайдаланылатын әдіс пен күтілетін нәтиже 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте. Галогендері жоқ термопластикалық оқшаулауға электірлі емес сынау өткізудің талаптары

1	2	3	4	5	
Кіріс. №	Сынақ	Өлшем бірлігі	МДБГ/Д құрамының типі	Көрсетілген сынақ әдісі	
				IEC	Тармақ/ тармақша
1	*Айыру кезінде және айыру кезіндегі созылуға шыдамдылықты сынау*			60811-501	
1.1	Жеткізу кезіндегі қасиет				
1.1.1	Үзілуге шыдамдылықты сынау кезінде күтілетін мәні – медиана мәні, мин.	Н/мм^2	7,5		
1.1.2	Үзілу кезінде созылмалылықты сынаудан күтілетін мән – медиана мәні, мин.	%	150		
1.2	Кептіру шкафында ескіруден кейінгі қасиеті			60811-401 және 60811-501	
1.2.1	Ескіру шарттары: – температура – сынақ ұзақтығы	°С с	80 ± 2 7 с 24		
1.2.2	Үзілуге шыдамдылықты сынау кезінде күтілетін мән – медиана мәні, мин. – ауытқу а, макс.	Н/мм^2 %	– ±20		
1.2.3	Үзілу кезінде созылмалылықты сынаудан күтілетін мән – медиана мәні, мин. – ауытқу а, макс.	% %	– ±20		
2	*Отыруын сынау*			60811-502	
2.1	Сынақ шарттары: – үлгінің ұзындығы – температура – сынақ ұзақтығы – отырғызу, макс.	мм °С с %	200 100 ± 2 1 4		
3	*Жоғарғы температурада қысыммен сынау*			60811-508	
3.1	Сынақ шарттары: – төсеммен жасалатын күш – салмақ салу кезіндегі қыздыру ұзақтығы	IEC 60811-508 қар. IEC 60811-508 қар.			
	– температура	°С	80 ± 2		
3.2	Күтілетін нәтиже: – терендеп енудің медиана мәні, макс	%	50		

2-кесте *(жалғасы)*

1	2	3	4	5	
Кіріс №	**Сынақ**	**Өлшем бірлігі**	**МДБГ/Д құрамының типі**	**Көрсетілген сынақ әдістері**	
				IEC	**Тармақ/ тармақша**
4	*Төменгі температурада майысуға сынақ*			60811-504	
4.1	Сынақ шарттары: – температура b – төменгі температураны әсер ету ұзақтығы	°C	–15 ± 2	60811-504	
4.2	Күтілетін нәтиже		Жарықсыз		
5	*Төменгі температурадағы ұзаруға сынақ*			60811-505	
5.1	Сынақ шарттары: – температура b	°C	–15 ± 2		
	– төменгі температураның әсер ету ұзақтығы	IEC 60811-505 қар.			
5.2	Күтілетін нәтиже: – бұзылмай ұзару, мин.	%	30		
6	*Галогендерді құрамын анықтау*			62821-1	В қосымшасы
6.1	- pH, мин.		4,3		
6.2	- өткізгіштік, макс.	мкСм /мм	10		
6.3	Галогенді қышқылдардың газ мөлшері				
	- HCl және HBr, макс.	%	0,5		
	- HF, макс. [c]	%	0,1		

[a] Ауытқу: қажаудан кейінгі медиана мәні мен ескірмегендегі медиана мәнінің арасындағы айырым, соңғысына қатысты пайыздық түрде

[b] Климаттық жағдайға байланысты ұлттық стандарттар сынаққа мейілінше төмен температураны қажет етуі мүмкін.

[c] IEC 62821-2:2015. стандартының 5.3 тармағында көрсетілгендей, сынақ кезінде фтор құрамына байланысты кері нәтижелер алынса бұл сынақта міндетті түрде орындау керек.

7.3 Толтырғыш

7.3.1 Материал

Егер арнайы ерекшеліктерде басқа түрі көрсетілмесе, жинақтауыш төмендегідей материалдар немесе олардың құрамасынан тұруы тиіс:

-галогенсіз құрам; немесе

-галогенсіз табиғи немесе синтетикалық мата; болмаса

-галогенді-қауіпсіз қағаз.

Егер осы құрам жинақтауыш ретінде қолданылса, онда қосылыстар арасында және оқшаулау немесе қабықша арасында зиянды әсер болмау керек. Осы талапқа сәйкестілік IEC 60811-401 стандартында көрсетілген дайын кабельдің үлгісі қажау әдісімен тексеріледі.

7.3.2 Қолданылуы

Кабельдің әрбір типі үшін арнайы ерекшеліктер (IEC 62821-3) кабельдің толтырғышы бар екенін немесе ішкі қабықша талсымдар арасына сіңіп, толтырғыш құрайтынын көрсетіп тұрады.

Толтырғыштар талсымдар арасындағы бос орынды толтырып, кабельді дөңгелек келтіріп тұрады. Толтырғыштар талсымға жабысып қалмауы керек. Талсымдар жиынтығы мен толтырғыштар қауіпсіз қабыршақ-галогенмен немесе таспамен (В қосымшасына сәйкес) ұсталып тұруы мүмкін.

7.4 Экструдиттелген ішкі жабын

7.4.1 Материал

Егер арнайы ерекшелікте (IEC 62821-3) басқа түрі көрсетілмесе, онда экструдиттелген ішкі жабынның құрамы қауіпсіз галогендерден тұрады (В қосымшасына сәйкес).

Компоненттер арасында және оқшаулау немесе қабықша арасында зиянды әсер болмау керек. Осы талапқа сәйкестілік IEC 60811-401 стандартында көрсетілген дайын кабельдің үлгісі қажау әдісімен тексеріледі.

7.4.2 Қолданылуы

Экструдиттелген ішкі жамылғы талсымды көмкеріп және арасындағы бос орындарды толтырып дөңгелек пішін туғызып тұрады. Экструдиттелген ішкі жамылғы талсымдарға жабысып қалмау керек.

Кабельдің әрбір типі үшін арнайы ерекшеліктер (IEC 62821-3) кабельдің экструдиттелген ішкі жамылғышы бар екенін немесе ішкі қабықша талсымдар арасына сіңіп, толтырғыш құрайтынын көрсетіп тұрады.

7.4.3 Қалыңдық

Егер арнайы ерекшелікте (IEC 62821-3) басқа түрі көрсетілмесе, онда экструдиттелген ішкі жамылғыға өлшеу жүргізу қажет деп табылмайды.

7.5 Қабықша

7.5.1 Материал

Қабықша әр түріне байланысты типтері арнайы ерекшелікте (IEC 62821-3) көрсетілген құрамы қауіпсіз галогендерден тұрады:

-мысалы, иілмелі кабельдерді пайдаланған кезде материал LSHF/ST1 болуы керек.

Осы құрамды сынау талаптары 3-кестеде көрсетілген.

7.5.2 Қолданылуы

Қабықша бір қабат ғана экструдиттелу керек:

а) бірталсымды кабельді қолданған жағдайда тарамыс қана;

b) кабельдердің басқа түрлері пайдаланылған жағдайда талсым топтамасы және толтырғыш немесе сыртқа жамылғы.

Қабықша талсымға жабысып қалмауы керек. Қаршақтан немесе қабықша асты ленталардан жасалған айырғышқа рұқсат етіледі.

Арнайы ерекшелікте көрсетілген (IEC 62821-3) жағдайларда қабықша толтырғыш жасайтындай етіп (7.3.2 тармағын қараңыз) талсымның арасына сіңіп кетуі болады

7.5.3 Қалыңдық

Қалыңдықтың орта мәні кабельдің әрбір түрі мен өлшемі үшін арнайы ерекшеліктің кестесінде (IEC 62821-3) көрсетілген өлшемнен кем болмауы тиіс.

В қосымшасына сәйкес орташа өлшем мөлшерінің мәні 0.1 мм-ге дейін жуықталған әр кесіндісі үшін номиналды қалыңдықтан кем болмауы тиіс, ал ең төменгі өлшемді мәні номиналды мәннің 0,1 мм-ден артпайтындай 90%-нан кем болмауы тиіс, демек:

$$t_m \geq 0{,}9t_n - 0{,}1$$

мұндағы:

t_m - ең төменгі қалыңдық, мм;

t_n - номиналды қалыңдық , мм.

Сәйкестік IEC 60227-2 стандартының 1.10 тармағында көрсетілгендей сынақпен бекітілуі керек.

7.5.4 Қажауға дейінгі және кейінгі механикалық қасиет

Қабықша қалыпты пайдалану кезінде болатын температура диапозонында оқшаулау механикалық беріктік пен созылмалылық қасиетке ие болу керек.

Сәйкестік 3-кестедегі сынақпен бекітілуі керек.

Пайдаланылатын әдіс пен күтілетін нәтиже 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте. Галогендері жоқ термопластикалық оқшаулауға электірлі емес сынау өткізудің талаптары

1	2	3	4	5	
Кіріс №	Сынау	Өлш бірл	LSHF/ ST1 құрамының типі	Сынау әдістері	
				IEC	Тармақ/ тармақша
1	*Айыру кезіне және айыру кезіндегі созылуға шыдамдылықты сынау*			60811-501	
1.1	Жеткізу кезіндегі жағдайы				
1.1.1	Үзілуге шыдамдылықты сынау кезінде күтілетін мән – медиана мәні, мин.	Н/мм^2	7,5		
1.1.2	Үзілу кезінде созылмалылықты сынаудан күтілетін мән – медиана мәні, мин.	%	150		
1.2	Кептіру шкафында ескіруден кейінгі қасиеті			60811-401	
1.2.1	Ескіру шарттары: – температура – сынақ ұзақтығы	°С с	80 ± 2 7 с 24		
1.2.2	Үзілуге шыдамдылықты сынау кезінде күтілетін мән – медиана мәні, мин. – ауытқу а, макс.	Н/мм^2 %	– ±20		
1.2.3	Үзілу кезінде созылмалылықты сынаудан күтілетін мән – медиана мәні, мин. – ауытқу а, макс.	% %	– ±20		
2	*Жоғарғы температурада қысыммен сынау*			60811-508	
2.1	Сынақ шарттары: – төсеммен жасалатын күш – салмақ салу кезіндегі қыздыру ұзақтығы – температура	Н с °С	 80 ± 2	60811-508 60811-508	
2.2	Күтілетін нәтиже:	%	50		

3-кесте *(жалғасы)*

1	2	3	4	5	
Кіріс №	**Сынау**	**Өлшем бірлігі**	**LSHF/ ST1 құрамының типі**	**Сынау әдістері**	
				IEC	**Тармақ/ тармақша**
3	*Төменгі температурада майысуға сынақ*			60811-504	
3.1	Сынақ шарттары: – температура b – төменгі температураны әсер ету ұзақтығы	°C c	–15 ± 2 c	60811-504	
3.2	Күтілетін нәтиже		Жарықшасыз		
4	*Төменгі температура кезінде ұзаруын сынау*			60811-505	
4.1	Сынақ шарттары: – температура b	°C	–15± 2		
	– төменгі температураның әсер ету ұзақтығы	IEC 60811-505 қар.			
4.2	Күтілетін нәтиже: – бұзылбай ұзарту, мин.	%	30		
5	*Суға батыру*			62821-2	5.2
5.1	Сынақ шарттары – температура – ұзақтығы	°C c	70 ± 2 7×24		
5.2	Суға батырудан кейінгі механикалық қасиеті				
5.2.1	Үзілуге шыдамдылығына байланысты күтілетін нәтиже - ауытқу, макс.	%	± 30		
5.2.2	Үзілу кезіндегі созылмалығына байланысты күтілетін нәтиже – ауытқу, макс max.	%	± 35		
6	*Галогендерді құрамын анықтау* – pH, мин. – өткізгіштік, макс.	мкСм/м м	4,3 10	62821-1	B қосымшасы
	Галогенді қышқылдардың газ мөлшері - HCl және HBr, макс. - HF, макс. [d]	% %	0,5 0,1		

[a] Ауытқу: ескіруден кейінгі медиана мәні мен ескірмегендегі медиандық мәннің арасындағы айырым, соңғысына қатысты пайыздық түрде

[b] Климаттық жағдайға байланысты ұлттық стандарттар сынаққа мейілінше төмен температураны қажет етуі мүмкін.

[c] 5 бағандағы сынау әдісін қараңыз

[d] IEC 62821-2 стандартының 5.3 тармағында көрсетілгендей, сынақ кезінде фтор құрамына байланысты кері нәтижелер алынса бұл сынақта міндетті түрде орындау керек.

7.6 Дайын кабельдерді сынау

7.6.1 Электрлік қасиеті

Кабельдер сәйкес келетін диэлектрлік төзімділік пен оқшаулау кедергіне ие болуы керек. Сәйкестік 4-кестеде көрсетілген сынау түрімен бекітілуі тиіс. Сынау әдістері мен күтілетін нәтиже 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте. Электрлік сынақтарға қойылатын талаптар

1	2	3	4	5	6	7	
Кіріс №	**Сынау**	**Өлшем бірлігі**	**Кабельдердің номиналды кернеуі**			**Сынау әдістері**	
			300/ 300 В	**300/ 500 В**	**450/ 750 В**	**IEC**	**Тармақша**
1	*Өткізгіштердің кедергісін өлшеу*					60227-2	2.1
1.1	Күтілетін мән, макс.		IEC 60228 қара				
2	Дайын кабельдерді кернеумен сынау					60227-2	2.2
2.1	Сынақ шарттары: үлгінің ең аз ұзындығы	м	10	10	10		
	суға батырудың ең аз ұзақтығы	с	1	1	1		
	су температурасы	°С	20 ± 5	20 ± 5	20 ± 5		
2.2	Берілетін кернеу (айнымалы ток)	В	2000	2000	2500		
2.3	Әр типке берілетін кернеудің ұзақтығы	мин	5	5	5		
2.4	Күтілетін нәтиже		істен шығусыз				
3	Талсымды кернеумен сынау					60227-2	2.3
3.1	Сынақ шарттары: үлгінің ең төменгі ұзындығы	М	5	5	5		
	суға батырудың ең аз ұзақтығы	с	1	1	1		
	су температурасы	°С	20 ± 5	20 ± 5	20 ± 5		
3.2	Оқшаулаудың қалыңдығына сәйкес берілетін кернеу (айнымалы ток)						
	0,6 мм-ге дейін қоса есептегенде	В	1500	1500	1500		
	0,6 мин. артық	В	2000	2000	2500		
3.3	Әр типке берілетін кернеудің ұзақтығы, мин.	мин	5	5	5		
3.4	Күтілетін нәтиже		істен шығусыз				
4	Оқшаулау кедергісін өлшеу					60227-2	2.4

4-кесте *(жалғасы)*

4.1	Сынақ шарттары: үлгінің ең төменгі ұзындығы -2 немесе 3 тармағындағы кернеумен осының алдындағы сынау	м	5	5	5		
	суға батырудың ең аз ұзақтығы	с	2	2	2		
	су температурасы		арнайы ерекшелік кестесін қараңыз				
4.2	Күтілетін нәтиже		арнайы ерекшелік кестесін қараңыз				

7.6.2 Габариттік өлшемдер

Кабельдердің орташа габариттік шамалары арнайы ерекшеліктердің кестелерінде көрсетілгендей шектеулі болуы керек. (IEC 62821-3 қараңыз).

Бірыңғай көлденең қиылысқан жағдайда экрандалған дөңгелек кабельдердің кез келген екі мәнінің айырымы орташа сыртқы диаметрге белгіленген жоғарғы шектің 15 %-нан аспауы керек.

Сәйкестік IEC 60227-2 стандартының 1.11 тармағында көрсетілген сынақпен бекітілуі керек.

7.6.3 Иілгіш кабельдердің механикалық төзімділігі

Қалыпты жұмыс жағдайында майысу және басқа механикалық әсерлерге иілгіш кабельдер шыдамды болуы керек.

Егер арнайы ерекшеліктерде көрсетілген болса, онда сәйкестік IEC 60227-2 стандартының 3-тармағында көрсетілген сынақпен бекітілуі керек.

7.6.3.1 Иілгіш кабельдерді бірнеше рет майысуға сынау

Сынақ IEC 60227-2 стандартының 3.1 тармағына сәйкес өткізілу керек.

30 000 циклді, яғни 60000 бір реттік қозғалысқа есептелген сынақ кезінде өткізгіштердің қысқа тұйықталуы немесе кабель мен шкив аралағындағы қысқа тұйықталу салдарынан тоқтың тоқтап қалуы болмау керек.

Қажетті цикл санынан кейін экрандалған кабельдің қабықшасы қалыпты жағдайда үлкейткіш құралдар арқылы тексерілу керек. Жарықшақ арқылы кабельдің ішкі компоненттері (мысалы, ішкі қабықша, оқшауланған талсымның таспалары т.с.с.) көрінбеуі керек. Ондай жағдайда кабельдің қабықшасы алынып тасталуы керек.

Қабықшасы жоқ немесе экрандалмаған кабельдердің талсымдары IEC 60227-2 стандартының 2.3 тармағында көрсетілген, бірақ 2 000 В-тан аспайтын кернеуге шыдауы керек.

7.6.3.2 Майысуын сынау

IEC 60227-2 стандартының 3.2 тармағын қараңыз.

60 000 циклді, яғни 120 000 бір реттік қозғалысқа есептелген сынақ кезінде тоқтың үзілуі болмау керек.

IEC 60227-2 стандартының 2.2 тармағына сәйкес кернеуде жүргізілген сынақтан кейін үлгі шыдамдылықты беруі керек, алайда 1 500 В кернеуде және ол қосылған мезетте бір-біріне қосылған өткізгіштер арасында және сумен контакт болған жағдайда басқаша болады.

7.6.3.3 Жұлқи созуға сынақ

IEC 60227-2 стандартының 3.3 тармағын қараңыз.

Сынақ кезінде тоқтың үзілуі болмау керек.

7.6.3.4 Талсымның ажырауын сынау

IEC 60227-2 стандартының 3.4 тармағын қараңыз.

Салынатын күш 3 Н-нан бастап 30 Н-ға дейін болуға тиіс.

7.6.4 Оттың әсеріне сынақ

Барлық кабельдер IEC 60332-1-2 стандартының А қосымшасында және IEC 61034-2 стандартының В қосымшасында көрсетілген сынақтан өтуі керек.

8 Кабельдерді қолдану бойынша нұсқаулық

IEC 62440 стандартты қараңыз.

А қосымшасы
(міндетті)

Қодтық белгілер

Осы стандарт бойынша қарастырылатын кабельдердің типтері осы стандарттың анықтамалық нөмірімен басталатын үш санмен белгіленеді.

Алғашқы екі сан кабельдің негізгі класын; үшінші сан негізгі кластағы кабельдің белгілі бір типін білдіреді.

Кабельдердің классы мен типі төменде көрсетілген:

10. Стандартты жағдайда пайдаланылатын экрандалған иілгіш кабельдер

101 Түтіндеуі аз мөлшердегі жеңілдетілген галоген-қауіпсіз иілгіш кабельдер (62821-IEC 101 дөңгелек кабельдер үшін және 62821 IEC 101f таспалы кабельдер үшін)

102 Түтіндеуі аз мөлшердегі қарапайым галоген-қауіпсіз иілгіш кабельдер (62821-IEC 102 дөңгелек кабельдер үшін және 62821 IEC 102f таспалы кабельдер үшін)

В қосымшасы
(міндетті)

Галогендер құрамын талдау

В.1 Экструдиттелген материалдарға қойылатын талаптар

В.1.1 Типтік сынақтар

Материал В.1 кестесінде келтірілген бірізді сынақ бағдарламасына сәйкес сынаудан өтуі тиіс.

В.1 кестесі –Галогенді жағдайдағы экструдиттелген материалдарға типтік сынақ

	Сынау әдістері	Өлшем	Талаптар
1	IEC 60754-2	pH деңгейі және өткізгіштігі	pH ≥ 4,3 деңгейі және ≤ 10 мкСм/мм өткізгіштігі
2	IEC 60754-1	HCI түріндегі хлор мен бром құрамы	≤ 0,5 %
3a	5.3 of IEC 62821-2:2015	Галоген: фтор	Нашар нәтиже жағдайында: сынақты тоқтату; одан әрі сынақта қажет етпейді
			Жақсы нәтиже жағдайында:3b тармағына сәйкес сынақты жүргізіңіз
3b	IEC 60684-2	Фтордың болуы	≤ 0,1 %

В.1.2 Үлгіні сынау

Материал В.2 кестесінде келтірілген тізбекті сынақ бағдарламасына сәйкес сынаудан өтуге тиіс.

В.2 кестесі – Галогенді жағдайдағы экструдиттелген материалдардың үлгісіне типтік сынақ

	Сынау әдістері	Өлшем	Нәтиже	Қорытынды
0 кезең	IEC 62821-2 стандартының 5.3 тармағы	Галоген: фтор, хлор және бром	нашар	Материалды қабылдап алу. Одан әрі сынақты қажет етпейді
			Жақсы	1 кезеңге көшу
1 кезең	IEC 60754-2	pH деңгейі	< 4,3	Материалды бұғаттау
			≥ 4,3	Өткізгіштігін анықтау
		Өткізгіштігі	≤ 2,5 мкСм/мм	Материалды қабылдау. Одан әрі сынақты қажет етпейді
		Өткізгіштігі	> 10 мкСм/мм	материалды бұғаттау
		Өткізгіштігі (s)	>2,5мкСм/мм бірақ ≤ 10 мкСм/мм	2-кезеңге көшу

В.2 кестесі *(жалғасы)*

2-кезең	IEC 60754-1	HCI түріндегі хлор мен бромның болуы	> 0,5 %	материалды бұғаттау
			≤ 0,5 %	3-кезеңге көшу
3кезең	IEC 60684-2	Фтордың болуы	> 0,1 %	материалды бұғаттау
			≤ 0,1 %	Материалды қабылдау

В.2 Экструдиттелмеген материалдарға қойылатын талаптар – Типтік сынақтар және үлгілерді сынау

Материал төмендегі талаптарға жауап беруі керек:

Егер экструдиттелмеген материалдарыдың жалпы массасы кабельдегі жанатын материалдардың жалпы массасының ≤ 5 % құраса, онда IEC 60754-2 бойынша өткізілетін сынақ материалдың әрбір компоненті бойынша жүргізілу керек (осы стандарттың В.1, №1 кестесі). Әрбір компонент pH деңгейі ≥ 4,3 және өткізгіштігі ≤ 10 мкСм/мм тең болатын талапқа сай болуы керек.

Біркелкі материалдан жасалған таспалардың бірнешеуінен тұратын қабат бір компонент ретінде саналады.

Егер бөліп тұратын қабықша мен толтырғыштың жалпы массасы кабельдегі жанғыш материалдың жалпы массасының > 5 % құраса, онда әр компонент В.1 кестесі бойынша экструдиттелген материалдарға қойылатын талаптарға жауап беруі керек.

В.1 кестесіндегі 3а тармақ бойынша жүргізілетін сынаққа барлық таспалардан үлгілер даярланады. Егер нәтиже жақсы болса, онда әр компонент бойынша сынақты қайталау керек.

Библиография

[1] IEC 60050-461 *Халықаралық электротехникалық сөздік. 461-бөлім. Электр кабельдер*

Д.А қосымшасы
(ақпараттық)

Д.А.1 кестесі - Ұлттық және мемлекетаралық стандарттардың сілтемелік халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер

Халықаралық стандарттың, халықаралық құжаттың атауы мен белгіленуі	Сәйкестік дәрежесі	Мемлекеттік стандарттың атауы мен белгіленуі
IEC 60050		*
IEC 60227-2		*
IEC 60228		*
IEC 60332-1-2		*
IEC 60684-2		*
IEC 60754-1		*
IEC 60754-2		*
IEC 60811-401		*
IEC 60811-501		*
IEC 60811-502		*
IEC 60811-504		*
IEC 60811-505		*
IEC 60811-508		*
IEC 61034-2		*
IEC 62440		*
IEC 62821-2:2015	IDT	ҚР СТ IEC 62821-2 жобасы
IEC 62821-3	IDT	ҚР СТ IEC 62821-3 жобасы
* Тиісті ұлттық стандарт жоқ. Оның бекітілуіне дейін халықаралық стандарттың орысшаға аударылған нұсқасын пайдалануға кеңес беріледі. Ескертпе. Бұл кестеде стандарттардың сәйкестік дәрежесінің төмендегі шартты белгілері қолданылды. - IDT – сәйкес стандарттар		

ӘОЖ 621.315.2:006.354 **МСЖ 29.060.20**

Түйін сөздер: кабель, оқшауланууы бар және термопласты қабықшасы бар кабельдер, номиналды кернеу

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Кабели электрические

КАБЕЛИ С ИЗОЛЯЦИЕЙ И ОБОЛОЧКОЙ ИЗ ТЕРМОПЛАСТА НЕ СОДЕРЖАЩЕГО ГАЛОГЕНОВ С НИЗКИМ ДЫМОВЫДЕЛЕНИЕМ НА НОМИНАЛЬНОЕ НАПРЯЖЕНИЕ ДО 450/750 В ВКЛЮЧИТЕЛЬНО

Часть 1

Общие требования

СТ РК IEC 62821-1-2015

(IEC 62821-1:2015 Electric cables – Halogen-free, low smoke, thermoplastic insulated and sheathed cables of rated voltages up to and including 450/750 V - Part 1: General requirements, IDT)

Издание официальное

Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан
(Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН ТОО «KazInSert».

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 30 ноября 2015 года № 246-од.

3 Настоящий стандарт идентичен международному IEC 62821-1:2015 Electric cables – Halogen-free, low smoke, thermoplastic insulated and sheathed cables of rated voltages up to and including 450/750 V - Part 1: General requirements (Кабели электрические. Кабели с изоляцией и оболочкой из термопласта, не содержащего галогенов, с низким дымовыделением на номинальное напряжение до 450/750 В включительно. Часть 1. Общие требования).

Международный стандарт IEC 62821-1 подготовлен техническим комитетом МЭК 20: Электрические кабели.

Перевод с английского языка (en).

Официальные экземпляры международных стандартов, на основе которых подготовлен (разработан) настоящий государственный стандарт и на которые даны ссылки, имеются в Едином государственном фонде нормативных технических документов.

Сведения о соответствии национальных (межгосударственных) стандартов ссылочным международным стандартам, приведены в дополнительном Приложении Д.А.

Степень соответствия - идентичная, IDT

4 В настоящем стандарте реализованы положения Законов Республики Казахстан «О техническом регулировании» от 9 ноября 2004 года № 603-II и «О языках в Республике Казахстан» от 11 июля 1997 года № 151-I

5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ 2022 г.
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

6 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений - в ежемесячных информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (отмены) или замены настоящего стандарта соответствующая информация будет опубликована в информационном указателе «Национальные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан.

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КАБЕЛИ ЭЛЕКТРИЧЕСКИЕ

КАБЕЛИ С ИЗОЛЯЦИЕЙ И ОБОЛОЧКОЙ ИЗ ТЕРМОПЛАСТА, НЕ СОДЕРЖАЩЕГО ГАЛОГЕНОВ, С НИЗКИМ ДЫМОВЫДЕЛЕНИЕМ НА НОМИНАЛЬНОЕ НАПРЯЖЕНИЕ ДО 450/750 В ВКЛЮЧИТЕЛЬНО

Часть 1

Общие требования

Дата введения 2017-01-01

1 Область применения

